

Мухсинова Меруерт Жақсыбекқызының
«Қазіргі поп-орындаудағы қазақтың дәстүрлі ән айту техникаларының
модификациясы» атты докторлық диссертациялық жұмысына

БЕЙРЕСМИ ПІКІР

Мен, дәстүрлі ән өнерінің өкілі ретінде бұл зерттеу жұмысын үлкен қызығушылықпен қарап шықтым. Жұмыстың басты құндылығы - автордың қазақтың дәстүрлі ән айту мәнерін тек теориялық тұрғыдан емес, орындаушылық тәжірибемен байланыстыра қарастыруында деп ойлаймын. Себебі бүгінгі таңда дәстүрлі ән мен заманауи эстрадалық орындаушылықтың арақатынасы жиі сөз болғанымен, осы екі кеңістіктің арасындағы нақты вокалдық сабақтастықты арнайы зерттеу әлі де сирек кездеседі.

Диссертацияда көтерілген мәселе өте өзекті. Қазіргі жас орындаушылар халық әніне, ұлттық дыбыстау мәнеріне, дәстүрлі иірімдерге жиі жүгінеді, бірақ олардың барлығы бірдей бұл құбылыстың ішкі табиғатын, оның тарихи және орындаушылық негізін терең түсіне бермейді. Осы жағынан алғанда, бұл еңбек дәстүрлі әннің сыртқы бояуын ғана емес, оның ішкі өзегін, вокалдық табиғатын және көркемдік болмысын ашуға ұмтылуымен бағалы.

Жұмыста қазақтың дәстүрлі вокалдық техникасы заманауи поп-орындаушылықта қалай жаңаша сипат алатыны нанымды көрсетілген. Автор дәстүрлі ән айту үлгілерінің бүгінгі сахнада толық жоғалып кетпей, керісінше жаңа формада жалғасып отырғанын дәлелдеуге тырысқан. Бұл пікірмен мен тәжірибелі орындаушы ретінде келісемін. Өйткені ұлттық әншілік мектептің белгілері - дыбыс бояуы, иірім, сөзді жеткізу мәнері, тыныс пен әуеннің табиғи байланысы - қазіргі орындаушылықта әртүрлі деңгейде болса да сақталып келеді.

Дәстүрлі ән өнері мұражайлық дүние емес, ол орындалған сайын, жаңаша қабылданған сайын өмір сүреді. Бірақ сол жаңарудың ішінде оның ұлттық болмысы жоғалмауы керек. Автор еңбегінің құндылығы да осы тепе-теңдікті іздеуінде деп санаймын. Сонымен қатар, диссертацияда дәстүрлі әнші үшін өте маңызды болып саналатын орындаушылық нәзік белгілерге назар аударылған. Яғни әннің әуездік иірімі, дыбыс жүргізу ерекшелігі, ұлттық интонациялық ойлау, сөздің әуенмен ұштасуы сияқты мәселелердің көтерілуі жұмыстың практикалық маңызын арттыра түседі. Мұндай зерттеулер болашақ эстрада әншілеріне де, дәстүрлі ән орындаушыларына да пайдалы бола алады.

Менің ойымша, бұл диссертациялық жұмыс қазақтың дәстүрлі ән өнері мен қазіргі орындаушылық мәдениетінің арасындағы байланысты түсіндіруге өзіндік үлес қосатын еңбек. Автор ұлттық вокалдық мұраға құрметпен қарай отырып, оны бүгінгі музыкалық кеңістікте ғылыми тұрғыдан саралауға талпыныс жасаған. Сол себепті бұл жұмысты мазмұнды, ізденіспен жазылған және тәжірибелік маңызы бар зерттеу деп бағалаймын.

Қазақстанның халық әртісі
Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы,
«Дәстүрлі музыкалық өнер»
кафедрасының доценті



Стамғазы Рамазан Өмірәліұлы
эл.пошта: stam_67@mail.ru

